

Қазақстан Республикасы шегінде медициналық көрсетімдер бойынша емделуге жіберілетін науқастардың және оларды сүйемелдейтін адамдардың жол ақысын төлеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 26 шілдедегі N 248/6 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 17 тамызда N 3041 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 07 қазандағы N 235/16 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2010.10.07 N 235/16 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңы 10-бабының, 2-тармағы, 6 , 12) тармақшаларына, 2002 жылғы 8 тамыздағы "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Заңы 7-бабының, 3-тармағы, 4) тармақшасына, 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңы 11-бабының 20 -тармағына, 20 бабына және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 27-бабының, 1 -тармағы, 17) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы шегінде медициналық көрсетімдер бойынша емделуге жіберілетін науқастардың және оларды сүйемелдейтін адамдардың жол ақысын төлеудің нұсқаулығы (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы әкімдігінің 2006.02.20 N 69/2 қаулысымен .

2. Облыс денсаулық сақтау департаменті "Азаматтарды елді мекен шеңберінен тыс емделу үшін тегін немесе жеңілдетілген жолақымен қамтамасыз ету" 253016000 бағдарламасының Нұсқаулыққа сәйкес орындалуын қамтамасыз етсін .

3. Облыс денсаулық сақтау департаменті науқастарға медициналық көрсетімдер бойынша жолдамалар беруді іске асырсын.

4. Облыс қаржы департаменті бағдарламаны осы мақсаттарға облыс бюджетінде арналып көзделген қаражаттар шегінде қаржыландыруды іске асырсын .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабековаға жүктелсін.

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов
Павлодар облысы әкімдігінің
2005 жылғы 26 шілдедегі
"Медициналық көрсетімдер бойынша
Қазақстан Республикасы шегінде
емделуге жіберілетін науқастардың
және оларды сүйемелдейтін
адамдардың жолақысын төлеу
жөніндегі нұсқаулықты бекіту
туралы" N 248/6 қаулысымен
бекітілген

**Медициналық көрсетімдер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде
емделуге жіберілетін науқастардың және оларды сүйемелдейтін
адамдардың жолақысын төлеу жөніндегі
нұсқаулығы**

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі " Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңы 10-бабының, 2-тармағы, 6 , 12) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы "Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы" Заңы 7 -бабының, 3-тармағы, 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңы 11-бабының 20 -тармағына, 20 бабына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 27-бабының, 1-тармағы, 17) тармақшасына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Медициналық көрсетімдер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілетін науқастардың және оларды сүйемелдейтін адамдардың екі жаққа жолақысы облыс денсаулық сақтау департаменті берген бекітілген үлгідегі жолдама болған жағдайда төленеді.

2. Павлодар облысының денсаулық сақтау департаменті (бұдан әрі - Департамент) "Елді мекен шеңберінен емделуге шығатын азаматтарды тегін және жеңілдетілген жолақысымен қамтамасыз ету" 253016000 бағдарламасының әкімшісі болып табылады.

3. Медициналық көрсетімдер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілетін науқастардың және оларды сүйемелдейтін адамдардың

жолақысы (екі жаққа) жылына бір рет, ал қайта емделу көрсеткіштері болған жағдайда - бірнеше рет төленеді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы әкімдігінің 2006.02.20 N 69/2 қаулысымен ..

4. Медициналық көрсетімдер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілетін науқастардың және оларды сүйемелдейтін адамдардың жолақысын (екі жаққа) қаржыландыру облыстық бюджет қаражаты есебінен іске асырылады.

2. Медициналық көрсетімдер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілетін науқастардың және оларды сүйемелдейтін адамдардың жолақысын төлеу тәртібі

5. Медициналық көрсетімдер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілетін науқастардың және оларды сүйемелдейтін адамдардың жолақысын Департамент мынадай құжаттар негізінде төлейді:

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) жеке куәлік көшірмесі;
- 3) департамент берген белгіленген үлгідегі емделуге жолдама;
- 4) стационарлық науқастың сырқатнамадан жазылған көшірмесі;
- 5) СТН (салық төлеушінің тіркеу нөмірі) көшірмесі;
- 6) банк бөлімшелеріндегі жеке есептердің немесе төлем карточкаларының көшірмесі ;
- 7) ДКК (дәрігерлік консультациялық комиссия) анықтамасының көшірмесі (сүйемелдей отырып жол жүрген жағдайда);
- 8) ӘЖК (әлеуметтік жеке код) көшірмесі;
- 9) туу туралы куәлік (бала үшін) көшірмесі;
- 10) жол жүрген фактісін растайтын билеттер.

6. Медициналық көрсетімдер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілетін науқастардың және оларды сүйемелдейтін адамдардың жолақысы теміржол және қалааралық автомобильдік көліктерде (екі жаққа), бірақта теміржол көлігінің жедел поезінің купелік вагон билетінің құнынан аспайтын мөлшерде іске асырылады. Ерекше жағдайда (аталған көлік құралдарының болмағаны немесе шұғыл жағдайда) Департаменттің рұқсатымен экономикалық класс тарифі бойынша әуе көлігімен жол жүру ақысы жүзеге асырылады .

7. Науқастардың емделгенін және оны сүйемелдейтін адамның жол жүрген фактісін растайтын құжаттар емделген орыннан келген күннен бастап екі айлық мерзімнен кешіктірмей тапсырылуы тиіс.

8. Науқастың және оны сүйемелдейтін адамның билеттерін жоғалтқан жағдайда емделу орнына дейін барып-келу жолақысының құнын растайтын

анықтама тапсырылуы тиіс.

9. Департамент науқастардың және оларды сүйемелдейтін адамдардың жолақысын ақшалай қаражаттарды Павлодар облысының қалалар мен аудандарының банкілерінің бөлімшелеріндегі жеке (карт) шоттарға аудару арқылы жоғарыда аталған құжаттарды тапсырған күннен бастап екі ай ішіндегі мерзімде төлемін жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК